

БЕКІТЕМІН

«І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті» КЕ АҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор,

Т.Т.Д. профессор,

қабылдау комиссиясының төрағасы

Қ.Баймырзаев

05 2023 ж.



«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ТҮСУШІЛЕР ҮШІН АРНАУЛЫ ЕМТИХАН ЕРЕЖЕЛЕРІ

Талдықорған 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары бекіту туралы бұйрығының (2018 жылғы 31 қазанындағы №600) 18 пунктіне сәйкес, осы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсу үшін арнаулы емтихандар өткізу туралы ережесі (бұдан әрі - ереже).

2. Арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ЖОО-мен емтиханды өткізу кезеңіне комиссия құрылады.

3. Арнаулы емтихан өткізу нысаны - педагогикалық жағдаяттарды шешу.

4. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы үміткерлер үшін арнаулы емтихан өткізіледі, ол «өтті /өтпеді» түрінде бағаланады..

2. Арнаулы емтиханды өткізу тәртібі

5. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша түсушілерге арналған арнаулы емтихан офлайн режимінде сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Әр түсушімен сұхбаттасу үшін 10 минут беріледі.

6. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша бакалавриат бойынша білім беру бағдарламаларына сәйкес оқуға түсушілер арнаулы емтихан тапсыру үшін университеттің <http://zhgu.edu.kz/> сайтында, «ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ» бөлімінде өтініш қалдырады.

7.«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілерге қойылатын талаптар:

* Жеке басын куәландыратын төл құжаттың болуы;

* Көк немесе қара түсті қалам.

Өтініш қабылданған жағдайда тапсырушының өтініште көрсетілген электрондық почтасына «Арнаулы емтихан» тапсыру күні мен уақыты жіберіледі.

8. Арнаулы емтиханның қорытындысы рұқсат ведомосімен ресімделеді.

9. «Арнаулы емтиханнан» өту қорытындысы бойынша оқуға түсушіге арнаулы емтиханды тапсыру хаттамасынан электрондық форматта үзінді көшірме беріледі, оны университет сайтындағы акпараттық жүйе арқылы алуға болады <http://student.zhetysu.edu.kz:8060/vipiska>.

10. Талаптарды сақтауды қамтамасыз ету және арнаулы емтиханды бағалау кезінде даулы мәселелерді шешу, арнаулы емтихан тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихан өткізу кезеңінде жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия арнаулы емтихан нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

11. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы емтихан тапсырған адам өзі тапсырады. Өтініш арнаулы емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

12. Апелляциялық комиссия әрбір тұлғамен жеке тәртіпте жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

3. Түсушілерге арнаулы емтиханды тапсыру үшін қойылатын талаптар:

- қоғамдағы мінез-құлық ережелері (этика және этикет);
- жанжалдарды шешу ережелері мен тәсілдері;
- моральдың негізгі принциптері мен нормалары;
- гуманизм, ар-ождан бостандығы ұғымдары.
- өмірлік тәжірибе негізінде педагогикалық міндеттерді шешу;
- педагогикалық жағдайлардың шешімін болжауды және жобалауды жүзеге асыру;
- проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу жолдарын жобалау;
- басқа адамды түсіну және қабылдау, эмпатияға, төзімділікке ие болу;
- басқа адамдармен ынтымақтасу: шағын топтардағы мәселелерді шешу, диалог пен пікірталас жүргізу.
- педагогикалық міндеттерді шешудің стандартты емес, шығармашылық тәсілдерін табу.
- педагогикалық міндеттерді шешу;;
- социумдағы белсенді психологиялық-педагогикалық өзара іс-қимыл;
- әлеуметтік маңызды құндылықтарға бағытталған эмоционалды-еріктік реттеу.

4. Бағалау критерийлері:

Емтихан комиссиясы оқуға түсушілердің келесі кәсіби маңызды қасиеттерін бағалайды:

- адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары (байланыс орнату);
- әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті;
- сауатты және анық сұрақтар қою мүмкіндігі;
- алынған ақпаратты қол жетімді тілде жеткізе білу;
- оқиғаларды жылдам және тиісті шешім қабылдау мүмкіндігі;
- шығармашылық ойлау;
- объективтілік;
- эрудициялық;
- өзін-өзі бақылау және тепе-теңдік;
- басқа адамға деген қызығушылық пен құрмет.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы емтихан тапсыруға өтініш беру

1 қадам: Өтініш қалдыру.

Өтініш қалдырмас бұрын алдын-ала төменде көрсетілген құжаттарды дайындап қойыңыз:


- Жеке басын куәландыратын төл құжаттың электрондық нұсқасы;
- E-mail электрондық почта;
- Білім туралы құжат (аттестат қосымшасымен) электрондық нұсқасы;
- ҰБТ сертификаты электрондық нұсқада.

А) І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жеке сайтына кіріңіз
<http://zhgu.edu.kz/>

Б) Ашылған терезеде «ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ» бөліміне кіріңіз;



В) Келесі «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы емтихан тапсыруға өтініш беру батырмасын басыңыз;



Г) Ашылған терезеде көрсетілген қысқаша нұсқаулық бойынша жеке деректеріңізді толтыру қажет. Жеке деректеріңіз төл құжатыңызбен сәйкес болуы тиіс;

Арнайы емтиханға өтініш / Заявление на Специальный экзамен

Барлық нысанды «*» міндетті түрде толтыру / Все поля со «*» обязательны для заполнения
Құжат 10 мб аспауы керек / Файл не должен превышать 10 мб
Допустимые расширения файла: только ('.pdf', '.jpg', '.jpeg', '.png')

[Қазақша нұсқаулық](#) / [Инструкция на русском](#)

1. Тегі / Фамилия *

Болатханова

2. Аты-жөні / Имя *

Жанбота

3. Әкесінің аты / Отчество

Нурланқызы

4. ЖСН / ИИН *

000000000000

5. Жеке куәлік(скан. нұсқасы) / Удостоверение личности (скан. вариант) Образец*

Файл не выбран

Д) Өтініш қабылданған жағдайда, сіз өтініште ұсынған электрондық почтаңызға «Арнаулы емтихан» тапсыру адресі мен күні, уақыты жіберіледі.

2 қадам: Емтиханның басталуы

А) Емтихан күні, белгіленген уақытқа дейін 10 минут бұрын келуіңіз қажет.

ЕСКЕРТУ!!! Түсушілердің өзімен бірге жеке басын куәландыратын төл құжаттың түпнұсқасы болуы тиіс. Арнаулы емтихан кезінде жазба жүргізіледі. Емтихан өткізу кезінде түсушілер тыныштық сақтауға тиіс!!


3 қадам: Арнаулы емтихан нәтижесін алу

А) І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жеке сайтына кіріңіз
<http://zhgu.edu.kz/>

Б) Ашылған терезеде «ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРГЕ» бөліміне кіріңіз;



В) Келесі «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы емтихан нәтижесін алу батырмасын басыңыз;



Г) Келесі ашылған терезеде оқуға түсуші өзінің «ЖСН» жазып, емтихан нәтижесін жүктей алады.

ПОЛУЧИТЬ ВЫПУСКУ

Введите свой ИИН

БББ жетекшісі:

А. Сапарғалиева

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы:

С. Мурыгина